

Қосымша 2
2019 жылғы 3 шілдедегі №23 бұйрыққа
өзгерістер мен толықтырулар
2020 жылғы 27 ақпандағы № 13/нқ
2021 жылғы 22 маусымдағы № 43 н/қ
бұйрықтармен енгізілген

**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі
білім беру бағдарламаларының
Тізіліміне енгізу үшін білім беру
бағдарламаларының төлқұжаттарын
сараптау бойынша
НҰСҚАУЛЫҚ**

Нұр-Сұлтан, 2021

Мазмұны

Терминология, қысқартулар және белгілер	3
1-тарау. Жалпы мәліметтер	4
1.1 Қолданылуы	4
2 тарау. Жұмысқа дайындық	5
2.1. ЖБББЖ АЖ авторизациялау	5
3 тарау. Функционалдық мүмкіндіктердің сипаттамасы	6
3.1 «БББ тізілімі» бөлімі.....	6
4-тарау. БББ мазмұнына сараптама жүргізу кезінде пайдалану үшін ұсынылатын өлшемшарттар мен басшылық қағидаттар	12

Терминология, қысқартулар және белгілер

Авторизация – белгілі бір адамға немесе адамдар тобына белгілі бір әрекеттерді орындау құқығын беру; сондай-ақ осы әрекеттерді орындау кезінде осы құқықтарды тексеру (растау) процесі.

Аутентификация – бұл пайдаланушының немесе деректердің заңдылығын тексеру процедурасы, мысалы, пайдаланушы енгізген парольдің дерекқордағы парольге сәйкестігін тексеру немесе хаттың сандық қолтаңбасын шифрлау кілті бойынша тексеру немесе файлдың тексеру сомасын автор мәлімдеген файлға сәйкестігін тексеру.

Пайдаланушы – жүйедегі рөліне сәйкес белгілі бір функционалдылық жиынтығымен жүйеде жұмыс істеуге құқығы бар жүйенің пайдаланушысы.

ЖЖОКБҰ – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы.

АЖ – ақпараттық жүйе.

ЖЖОКБҰ АЖ – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының ақпараттық жүйесі.

ЖБББЖ – жоғары білімді басқарудың бірыңғай жүйесі.

Тізілім – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізілімі.

БББ – білім беру бағдарламасы.

ДБ – деректер базасы.

1-тарау. Жалпы мәліметтер

1.1 Қолданылуы

«Тізілім» модулінің осы бөлімі Тізілімге енгізу үшін берілген білім беру бағдарламаларын сараптауды жүзеге асыруға арналған.

Модульдің функционалдық мүмкіндіктері:

- Берілген өтінімдердің мәртебесін қадағалау және өтінім мәртебесінің өзгергені туралы хабарлама алу;
- Оператормен сараптамаға жіберген тиісті ЖЖОКБҰ БББ-на пәндердің оқыту нәтижелерімен арақатынасын тексеру нәтижесін қою, сондай-ақ БББ берілген дайындық бағытына сәйкестігін айқындау арқылы сараптаманы жүзеге асыру.

Тізілімге БББ қосу тәртібі:

- ЖЖОКБҰ Тізілімге БББ қосуға өтінімді толтырады және операторға қарастыруға жібереді.
- Өтінімді қарастыруға жібергеннен кейін Оператор өтінімді бастапқы өңдеуді жүзеге асырады. Содан кейін ол келесі шешімдерді қабылдай алады:
 - a) БББ түзетуге ЖЖОКБҰ қайтару;
 - b) Сарапшыға сараптамаға жіберу.
- Сарапшы өзіне жіберілген БББ сараптамасын жүзеге асырады. ОН қол жеткізу дәрежесін және БББ мәлімделген дайындық бағытына сәйкестігін айқындайды. Сарапшы келесі шешімдерді қабылдай алады:
 - a) БББ түзетуге ЖЖОКБҰ қайтару;
 - b) БББ Тізілімге қосу мүмкін екендігін растау.
- Сараптамадан кейін Оператор Тізілімге БББ қосу бойынша өтінімді соңғы өңдеуді жүзеге асырады. Бұл кезеңде Оператор келесі шешімдерді қабылдай алады:
 - a) Тізілімге қосу;
 - b) Қабылдамау.

2 тарау. Жұмысқа дайындық

2.1. ЖБББЖ АЖ авторизациялау

Жүйенің пайдаланушы бөлігінде авторизациялау үшін ЖБББЖ АЖ сайтына сілтеме бойынша өту қажет. Жалпыға қол жетімді бетте жоғарғы оң жақ бұрышындағы «Кіру» батырмасын басыңыз. Жүйе авторизация бетінде пайдаланушының логині мен паролін енгізу мүмкіндігі бар авторизация панелін көрсетеді (1-сурет).

Сурет 1. Авторизациялау беті

Авторизациялау кезінде жүйе мыналарды тексереді:

1. Енгізілген логиннің өзектілігі (электрондық пошта мекенжайы);
2. Енгізілген логин мен парольдің дұрыстығы. Логин мен пароль дұрыс енгізілмеген жағдайда, жүйе қате туралы «логин немесе пароль дұрыс емес» хабарламасын көрсетеді және жүйеге кіруге тыйым салады.

Сәтті авторизациядан кейін жүйенің басты беті әдепкі қалпы бойынша көрсетіледі.

3 тарау. Функционалдық мүмкіндіктердің сипаттамасы

3.1 «БББ тізілімі» бөлімі

3.1.1 Бөлімнің негізгі бетінің сипаттамасы

Жүйеде сәтті авторизациядан кейін негізгі мәзір тізімінде модульдің негізгі беті көрсетілетін "БББ тізілімі" модулі қолжетімді болады. Бұл бетте кесте түрінде берілген сарапшыға Оператор жіберген ЖЖОКБҰ Тізілімге БББ қосу өтінімдері бар:

- *Білім беру бағдарламасының атауы* – БББ көру бетіне өту үшін белсенді сілтеме түрінде іске асырылған сараптамаға жіберілген ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламасының атауы;
- *БББ түрі* – ЖЖОКБҰ өтінімінде көрсетілген БББ түрі;
- *Өтінім түрі* – сәйкес өтінім түрі;
- *Мәртебе* – ЖЖОКБҰ өтінімін қарастырудың ағымдағы мәртебесі;
- *Сараптамаға жіберу күні* – берілген экспертке өтінімді жіберу күні;

Сарапшыға «Тізілімге БББ қосу» және «Тізілімде БББ жаңарту» түрі бойынша ЖЖОКБҰ өтінімдері қолжетімді.

Жазбаларды сұрыптау үшін іздеу сүзгісі келесі өрістер бойынша қарастырылған:

- *Дайындық бағыты* – дайындық бағыттары бар анықтамалық болып табылады. Бұл өрісте авторизацияланған сарапшыға оның карточкасында «Дайындық бағыты» өрісінде көрсетілген дайындық бағыттарының тізімі қол жетімді;
- *Білім беру бағдарламаларының тобы* – білім беру бағдарламаларының топтарын қамтитын анықтамалық болып табылады. Көрсетілетін мәндердің тізімі «Дайындық бағыты» өрісінде таңдалған мәндерге байланысты.
- *ББ түрі* – мәндері бар анықтамалық (әдепкі қалпы бойынша – барлығы):
 - a) *Қолданыстағы БББ*;
 - b) *Жаңа БББ*;
 - c) *Инновациялық БББ*;
 - d) *Барлығы*.
- *Өтінім түрі* – өтінім түрлерінің атауларының тізімі (әдепкі қалпы бойынша – барлығы):
 - a) *Тізілімге БББ қосу* – осы мәнді таңдау кезінде өтінімнің берілген түріне тиісті өтінімдер көрсетіледі;
 - b) *Тізілімде БББ жаңарту* – осы мәнді таңдау кезінде өтінімнің берілген түріне тиісті өтінімдер көрсетіледі;
 - c) *Барлығы* – осы мәнді таңдау кезінде өтінімнің барлық түрлеріне тиісті өтінімдер көрсетіледі
- *Мәртебе* – сарапшыға қолжетімді мәндерді қамтитын анықтамалық:
 - a) *Сараптама* – берілген сарапшыға сараптамаға жіберілген өтінімдер;
 - b) *Түзетуге қайтарылды (Сарапшы)* – сарапшы түзетуге қайтарған, яғни «Түзетуге қайтару» әрекеті расталған өтінімдер;

- c) *Түзетілді* – ЖЖОКБҰ түзеткен және қайта қарастыруға жіберілген өтінімдер;
- d) *Қабылданбады* – қабылданбаған өтінімдер.
- e) *Сарапшымен расталды* – сарапшы растаған және одан әрі шешім қабылдау үшін Операторға жіберілген өтінімдер;
- *Күні* – «бастап» және «дейін» күндер кезеңін енгізу. Берілген сарапшыға өтінімді сараптамаға жіберу күні есептеледі.

3.1.1.1 Сараптамаға жіберілген өтінімді өңдеу

Білім беру бағдарламасының атауы бар сілтемеге жүгінген кезде 2-суретте көрсетілгендей өтінімді көру/өңдеу беті көрсетіледі.

Сарапшыға арналған өтінімді өңдеу беті «Пәндер туралы мәліметтер» блогынан басқасы көру режимінде қолжетімді. Бұл блокта сарапшы әрбір пән бойынша қалыптасатын оқу нәтижелеріне байланысты «ОН қол жеткізу дәрежесін» анықтауы керек. БББ оқыту нәтижесімен салыстырылған әрбір пәні бар ұяшықта «ТН» (тексеру нәтижесі) бағаны орналасқан, онда қысқартылған түрде мынадай мәндері бар тізімдік өріс көрсетіледі:

- Жоғары – бұл мән ОН қол жетімділік деңгейінің «Жоғары» екенін білдіреді (қысқаша: «Жоғ»);
- Орташа – бұл мән ОН қол жетімділік деңгейінің «Орташа» екенін білдіреді (қысқаша: «Орт»);
- Төмен – бұл мән ОН қол жетімділік деңгейінің «Төмен» екенін білдіреді (қысқаша: «Төм»).

Бұл өріс тек берілген ЖЖОКБҰ пәнді тиісті ОН салыстырған ұяшықтарда таңдау үшін белсенді. Ыңғайлы болу үшін курсорды тақырыптық бағандағы оқу нәтижесінің кодына, сондай-ақ пән мен ОН байланысқан ұяшыққа (құсбелгі) апарған кезде жүйе тиісті оқу нәтижесінің сипаттамасын қамтитын мәтінді көрсетеді.

Тіркеу деректері

Өтінімнің түрі
Мәртебенің берілген күні

Регистрге БББ қосу
29.06.2021 16:17

Мәртебе
Сарапшымен түзетуге қайтарылды (саны)

Сараптама
0

Өтінімнің өзгеру тарихы

Білім саласы
6807 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары

Дайындық бағыты *
68073 Саулет және құрылыс

Білім беру бағдарламаларының тобы *
8073 Саулет

Білім беру бағдарламасы *
6807345 Классикалық архитектура

Оқу жоспары *
План для реестра 2021

Қазақ тілі Орыс тілі Ағылшын тілі

555 мақсаты *
Мақсаттың үш тілде де жазылуы міндетті

555 түрі *
Және 555

ҰШ бойынша деңгей *
8

СШ бойынша деңгей *
7

555 айрықша ерекшеліктері
Жоқ

Берлеті» академиялық дәреже *

Бакалавр

Оқу мерзімі *

4

Кредиттердің көлемі *

240

Оқу тілі *

орыс қазақ ағылшын

Ғылыми кеңесте БББ бекіту күні *

02-06-2021

Кадрлардың дайындық бағыты лицензиясына қосымшаның бар болуы

БББ аккредиттеуінің бар болуы

Қалыптасатын оқыту нәтижелері

№	Оқытудың нәтижесі	Код
1	Қазақ тілінде Орыс тілінде Ағылшын тілінде Тексерілу нәтижесі 1	ON1
2	Қазақ тілінде Орыс тілінде Ағылшын тілінде Тексерілу нәтижесі 1	ON2

Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Цикл	Компонент	Кредиттер	Қалыптасатын оқыту нәтижелері (кодтар)			
						ON1	ТН	ON2	ТН
1	Азаматтық үйірмелердің сәулеті	Сәулет құрылысы	ЖББП	ЖООК	4	<input checked="" type="checkbox"/>	high	<input type="checkbox"/>	
2	Ғимараттар мен имараттар сәулеті	Ғимараттар мен имараттар сәулеті	ЖББП	ЖООК	3	<input checked="" type="checkbox"/>	high	<input type="checkbox"/>	
3	Арнайы ғимараттарды жобалау	Арнайы ғимараттарды жобалау	НП	ТБК	4	<input checked="" type="checkbox"/>	high	<input type="checkbox"/>	
4	ArchiCAD ортасында ғимаратты автоматты жобалау	ArchiCAD ортасында ғимаратты автоматты жобалау	НП	ТБК	5	<input type="checkbox"/>		<input checked="" type="checkbox"/>	normal
5	ArchiCAD ортасында ғимаратты автоматты жобалау	ArchiCAD ортасында ғимаратты автоматты жобалау	КП	ТБК	3	<input type="checkbox"/>		<input checked="" type="checkbox"/>	normal

ОН қолжеткізушілік коэффициенті: 75,00%

БББ мәлімделген дайындық бағытына сәйкес келеді

Сарапшының жалпы тұжырымы

Тұжырым

Систа Растау Түзетуге қайтару

Сурет 2. Сарапшының өтінімді көру/өңдеу беті

Өтінімді түзетуге қайтару («Түзетуге қайтару» әрекетін таңдау) және/немесе растау («Растау» әрекетін таңдау) кезінде жүйе «Қалыптасатын оқыту нәтижелері (кодтары)» бағанының әрбір тиісті ұяшығы үшін осы өрістегі мәнді міндетті түрде көрсетуді талап етеді.

БББ барлық пәндердің тізімінен кейін «ОН қолжеткізушілік коэффициенті» деп аталатын өріс көрсетілген. Осы өрісте жүйе «ТН» (тексеру нәтижесі) кіші бағандарындағы мәндерге сәйкес есептелген «ОН қолжеткізушілік коэффициенті» көрсеткішін есептейді және көрсетеді. ОН қолжеткізушілік коэффициентін есептеу «ОН қолжеткізушілік коэффициенті» көрсеткішін есептеу» бөлімінде келтірілген.

«Пәндер туралы мәліметтер» блогынан кейін «БББ мәлімделген дайындық бағытына сәйкес келеді» жалауша өрісі көрсетіледі. Егер БББ мәлімделген дайындық бағытына сәйкес келсе, осы өріске белгі қою керек.

Беттің соңында «Сарапшының жалпы тұжырымы» мәтіндік өрісі қарастырылған, онда сарапшы ЖЖОКБҰ БББ тәлқұжатына өз түсініктемелері мен ескертулерін көрсетуі қажет.

ЖЖОКБҰ өтінімін өңдеу бетінде Сарапшыға таңдау үшін келесі әрекеттер қолжетімді:

- Растау – бұл әрекетті таңдау сарапшымен БББ расталғанын және тізілімге енгізілуі мүмкін екенін білдіреді;
- Түзетуге қайтару – осы әрекетті таңдаған және растаған кезде жүйе өтінімді ЖЖОКБҰ түзетуге (сарапшы көрсеткен кемшіліктерді түзетуге) қайтарады.

Сондай-ақ, сарапшы БББ сараптамасын жүзеге асыру барысында «Сақтау» батырмасына жүгіну арқылы енгізілген өзгерістерді кез келген уақытта сақтай алады. Бұл жағдайда жүйе өтінімнің мәртебесін өзгертпей, енгізілген өзгерістерді сақтайды.

Ескертпе: сарапшы «Пәндер туралы мәліметтер» блогындағы «ТН» бағанындағы толтырмаған ұяшықтар қызыл түспен жиектеледі.

«Тіркеу деректері» блогында өтінім параметрлері көрсетіледі.

3.1.1.2 «ОН қолжеткізушілік коэффициенті» көрсеткішін есептеу

Берілген БББ бойынша ОН қолжеткізушілік коэффициентін есептеу кезінде жүйе келесі әрекеттерді орындайды:

1) Берілген білім беру бағдарламасының әрбір ОН $\{RO_n\}$ бойынша қорытынды балды есептейді:

а) «ТН» $\{D_n\}$ өрісінде көрсетілген мәндерді алады: Егер «Жоғ» мәні көрсетілсе, жүйе оны «1» мәні ретінде есептейді. Егер «Орт» мәні көрсетілсе, жүйе оны «0,5» мәні ретінде есептейді. Егер «Төм» мәні көрсетілсе, жүйе оны «0» мәні ретінде есептейді.

б) әрбір ОН бойынша қорытынды балды формула бойынша есептеу:

$$\{RO_n\} = \text{Сумма} (\{D_n\}) / N.$$

мұндағы, N – берілген ОН қалыптастыратын пән саны.

2) Бұдан әрі берілген БББ $\{K\}$ үшін ОН қолжеткізушілік коэффициентін мына формула бойынша есептейді:

$$\{K\} = (\text{Сумма} (\{RO_n\}) / M) * 100\%.$$

мұндағы, M – берілген БББ жалпы ОН саны.

Алынған нәтиже («ОН қолжеткізушілік коэффициенті» өрісінде) үтірден кейін екі белгіге дейін дөңгелектенеді.

3.1.1.3 «Растау» әрекетінің сипаттамасы

Егер өтінімге «Сараптама» мәртебесі берілсе, «Жіберу» батырмасы көрсетіледі. Егер қажетті өрістер толтырылмаса, бұл батырма таңдау үшін белсенді болмайды.

Сондай-ақ сарапшы өтінімді растаған («Растау» әрекеті) кезде, жүйе есептелген ОН қолжеткізушілік коэффициентін Тізілімге БББ қосу үшін ең аз мәнімен (75%) тексереді. Егер берілген БББ үшін есептелген ОН қолжеткізушілік коэффициенті белгіленген мәннен аз болса, «Растау» батырмасы таңдау үшін белсенді болмайды, яғни БББ Тізілімге қосу мүмкін емес.

«Жіберу» батырмасына жүгінген кезде, жүйе «Өтінімді растағаннан кейін деректерді редакциялау мүмкін болмайды. Сіз сенімдісіз бе?» хабарламасын көрсету арқылы орындалатын әрекетті растауды сұрайды. Таңдалған әрекетті растаған жағдайда, жүйе:

а) өтінімге «Сарапшымен расталды» мәртебесін береді;

б) «Өтінім расталды» хабарламасын көрсетеді.

Сарапшы өтінімді растағаннан кейін, сарапшы үшін өтінімді өңдеу беті көру режимінде қолжетімді болады.

3.1.1.4 «Түзетуге қайтару» әрекетінің сипаттамасы

Ұсынылған деректер белгіленген критерийлерге сәйкес келмеген жағдайда, сарапшы «Түзетуге қайтару» батырмасына жүгініп, өтінімді түзетуге қайтаруға құқылы. Егер өтінімге «Сараптама» мәртебесі берілсе, бұл батырма көрсетіледі. Бұл батырма «Қалыптасатын оқу нәтижелері» бағанының әр ұяшығы үшін «Тексеру нәтижесі» өрісінде мәндер көрсетілсе, таңдау үшін белсенді болады (кодтар)».

Осы батырмаға жүгінген кезде жүйе «Негіздеме» қалқымалы терезесін көрсетеді, онда БББ тәлқұжатын тексеруге қайтару үшін негіздеме мәтінін енгізу мүмкіндігі көзделген. Осы өрістің астында «Түзетуге қайтару» батырмасы бар, ол «Негіздеме» өрісіне кемінде бір таңба енгізілмесе, таңдау үшін белсенді емес. «Түзетуге қайтару» батырмасына жүгінген кезде, жүйе:

- Өтінімге «Түзетуге қайтарылды (Сарапшы)» мәртебесін береді;
- «Өтінім түзетуге қайтарылды» ақпараттық хабарламасын көрсетеді;
- «Негіздеме» қалқымалы терезесінде көрсетілген мәтін өтінімді көру бетінде осы өтінімнің мәртебесі бар жолда көрсетеді;
- Тиісті ЖЖОКБҰ уәкілетті өкілдеріне «Тізілімге қосу өтінімі [«БББ атауы»] білім беру бағдарламасының тәлқұжатын Сарапшымен түзетуге қайтарылды» хабарламасын жібереді.

Өтінімді ЖЖОКБҰ (әзірлеушіге) түзетуге қайтарғаннан кейін Сарапшыға өтінімді өңдеу беті тек көру режимінде ғана қолжетімді болады.

Өтінімді түзетуге қайтару әрекетінің саны (3 рет) асып кеткен жағдайда ЖЖОКБҰ Сарапшыға өтінімді растау және түзетуге қайтару функционалы қолжетімсіз болады. Бұл жағдайда жүйе «Түзетуге қайтару» батырмасын жасырады және оның орнына «Қабылдамау» батырмасын көрсетеді. Курсорды осы батырмаға апарған кезде «Өтінімді түзетуге қайтаруға рұқсат етілген әрекеттер саны асып кетті – [көрсетілген әрекеттер саны]» хабарламасы көрсетіледі. Бұл батырма («Сарапшының жалпы тұжырымы», әр ұяшық үшін «Тексеру нәтижесі») міндетті өрістер толтырылмаған жағдайда таңдау үшін белсенді емес. Осы батырмаға жүгінген кезде жүйе «Негіздеме» қалқымалы терезесін көрсетеді, онда дәлелді қабылдамауды енгізу мүмкіндігі қарастырылған.

Төменде дәлелді қабылдамау мәтіні көрсетілмесе, таңдау үшін белсенді емес «Қабылдамау» батырмасы бар. «Қабылдамау» батырмасына жүгінген кезде, жүйе:

- Өтінімге «Қабылданбады» мәртебесін береді;
- «Өтінім қабылданбады» ақпараттық хабарламаны көрсетеді;

- Аталған өтінім мәртебесі бар жолда «Негіздеме» қалқымалы терезесіндегі мәтін өтінімді көру бетінде көрсетеді;

Өтінім қабылданбағаннан кейін өтінімді өңдеу беті көру режимінде қолжетімді болады.

4-тарау. БББ мазмұнына сараптама жүргізу кезінде пайдалану үшін ұсынылатын өлшемшарттар мен басшылық қағидаттар

4.1. Сарапшы қызметінің негізгі қағидаттары объективтілік, құзыреттілік, анықтық, жариялылық, тәуелсіздік, кәсіби этика нормаларын сақтау болып табылады.

4.2. Бір сарапшы бірнеше білім беру бағдарламаларына сараптама жүргізе алады.

4.3. Сарапшы жұмыс істейтін ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламасына сараптама жүргізуге жіберілмейді.

4.4. Сарапшы өзіне жіберілген білім беру бағдарламасына сараптаманы 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

4.5. Сарапшы:

- БББ мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына (БББ құрылымы, академиялық кредиттер саны, циклдар, компоненттер), ұлттық біліктілік шеңберіне және салалық біліктілік шеңберлеріне, кәсіби стандарттарға сәйкестігін қарайды;

- БББ атауының мәлімделген білім саласының мазмұнына, даярлау бағытына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына (бұдан әрі – сыныптауыш) сәйкестігін талдайды;

- БББ паспортын толтырудың дұрыстығын үш тілде тексереді;

- білім беру бағдарламасының өзектілігін бағалайды;

- оқыту нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесін анықтайды.

4.6. Бағдарламаның атауы бағдарламаның мазмұнын көрсетуі қажет, қысқа, нақты және ақпараттық болуы, сондай-ақ сыныптауышқа сәйкес дайындық бағытына сәйкес келуі және сыныптауышқа сәйкес келетін шифр берілуі керек.

4.7. БББ мақсаты қысқаша қалыптастырылуы қажет, білім алушылар алуы тиіс құзыреттіліктерді нақты және анық жинақтау керек. БББ мақсаты өзектілік, нақтылық, қол жетімділік қағидаттарына сәйкес келуі керек.

4.8. Оқыту нәтижелері қысқа, нақты, бағдарламаның мәнмәтінін, деңгейін, ауқымын және мақсаттарын барабар көрсетуі тиіс.

4.9. Оқыту нәтижелері студенттердің кәсіби қызмет пен жеке даму аясында не істейтінін, кәсіби функцияларды құзіреттіліктерді қолдану арқылы, алған білімі мен дағдыларын қолдана отырып жүзеге асыратындығын білдіретін белсенді етістіктен басталады (мысалы, түлектер «сипаттай», «қолдана», «жалпылай», «бағалай, «жоспарлай» алады). Әдетте, тұжырым жасау үшін Блум таксономиясынан белсенді етістіктер қолданылады.

4.10. Білім беру бағдарламасы кәсіби функциялар мәнмәтінінде әзірленеді және мазмұны оқытудың мақсаттарына, құзыреттері мен нәтижелеріне байланысты болатын оқу пәндерінің тізбесінен тұрады. Бұл ретте білім беру бағдарламасы дайындық бағыты мен деңгейіне байланысты академиялық кредиттердің қажетті көлемі бөлігінде, оның ішінде циклдар мен компоненттер бойынша мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

4.11 Пәннің қысқаша сипаттамасында БББ бойынша оқыту нәтижелеріне

қол жеткізу индикаторлары ретінде пәннің мақсаты мен мазмұны көрсетіледі. Пәннің сипаттамасында қандай да бір анықтамалар, дәрістерден, оқулықтардан үзінділер және т.б. болмауы тиіс. Пәндердің қайталануына немесе бірдей сипаттамасы бар әртүрлі пәндердің болуына жол берілмейді.

4.12. Пәндер тізімі базалық және мамандандырылған пәндер циклдарынан кемінде 1 (бір) пәнді қамтуы керек, оның мазмұны пәнаралық және көпсалалы сипатта, бірқатар білім салаларының түйіскен жерінде кадрлар дайындауды қамтамасыз ететін болуы қажет.

4.13. Сарапшы ақпараттық жүйеде талдау нәтижесін қою арқылы Тізілімге БББ қосу/жаңарту, түзетуге қайтару немесе қабылдамау туралы ұсыныс шығарады.

БББ қойылатын талаптарға сәйкес келген және оқыту нәтижелеріне қол жеткізген жағдайда тізілімге қосу/жаңарту үшін ұсынылады.

Қойылатын талаптарға қандай да бір сәйкессіздіктер, мазмұны мен толтырудың дұрыстығына ескертулер болған жағдайда БББ түзетуге қайтарылуы мүмкін.

БББ дайындық деңгейіне және қойылатын талаптарға толық сәйкес келмеген жағдайда сарапшы БББ қабылдамауы мүмкін.

4.14. Сарапшы түзетілген БББ 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды.